4. Үтіктеуді бастамас бұрын сәл ғана дымқыл шүберекпен үтіктің табаның сүртіңіз.
5. Үтікті алғаш рет пайдаланудың алдында қажет емес матаны үтіктеңіз, бұл құралдың жұмыс қабаты жеткілікті түрде таза екендігіне көз жеткізу үшін қажет.

Назар аударыңыз!
Үтіктің кейбір бөліктері өндіру барысында маймен жағылады, сол себепті оны алғаш рет қосу барысында құралдан түтіннің шығуы мүмкін. Бірнеше уақыттан соң пайдалану барысында түтіннің жүруі тоқтайды.

Назар аударыңыз!
Жаңа үтіктің сауытында судың кішкене ғана мөлшері болуы мүмкін. Бұл Сіздің үтігіңізді өндіруші фирма қосымша түрде тексеруден өткізді дегенді білдіреді.

4. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

- Үтікті тік қалпында тірек-табанына орналастырыңыз. Құралды желіге қосыңыз. Сіздің киіміңіздегі белгіде келтірілген көрсеткішке сәйкес қажетті температуралық режимді таңдаңыз.

Киімдегі белгі	Матаның түрі	Температура реттегішінің режимі
	Синтетикалық маталар	Төмен температура •
	Жібек, жүн мата	Орташа температура ••
	Мақта, зығыр маталары	Жоғары температура (MAX) •••
	Үтіктеуге кеңес берілмейді	

Егер матаның түрі белгісіз болса, киімді кию барысында көрінбейтін жердің кішкене ғана бөлігін үтіктеу арқылы үтіктеу температурасын анықтаңыз.
Жылтыр дақтардың пайда болуын алдын алу үшін жібек, жүн және синтетикалық маталардан тігілген киімдерді кері бетінен үтіктеу қажет.
Бүрмелермен, жапсырмалармен әшекейленген бұйымдарды төмен температурада үтіктеуге кеңес беріледі.
Барқыт пен жалтыры бар көйлектерді бір бағытта үтіктеу қажет.
Жібектен тігілген киімдерді олар дымқыл күйінде үтіктеуге кеңес беріледі. Үтіктеу барысында құрғақ жібек матасына суды шашыратпаңыз.
Егер киім матаның бірнеше түрін біріктіретін болса, үтіктеу үшін ең минималды температураны таңдаңыз.

- Суды шашырату функциясын пайдалану барысында киімнің бетінде дақтар пайда болуы мүмкін. Үтікті қыздыру индикаторы құрал белгіленген температураға дейін қызғаннан кейін сөнеді.

Ескерту:
Үтіктің толықтай түрде қызуын күтіңіз, содан кейін үтіктеуді бастаңыз.

Буды қолдану арқылы үтіктеу

1. Сауытты сумен толтырыңыз.

- Сауытты сумен толтырудың алдында құралды желіден ажыратыңыз.
- Буды жіберу деңгейінің реттегішін «Бусыз» қалпына орнатыңыз, болмаса құралдың табанындағы саңылаудан су ағуы мүмкін.
- Ыңғайлылық үшін үтіктің алдыңғы бөлігін көтере отырып, ұқыпты түрде стақан арқылы сауытты таза, суық сумен толтырыңыз.

Назар аударыңыз!

Үтіктің сауытын су ағатын шүмектің астына қойып, толтырмаңыз.

- Сауытта көрсетілген «max» белгісінен суды асыра құймаңыз.
- Бұл үтік кермектігі төмен құбырлық суды пайдалану үшін әзірленген.
  Егер Сіздің аймағыңызда құбырлық судың кермектігі айтарлықтай төмен болса, оны алдын ала механикалық сүзгілеуден және тұндырғаннан кейін үтікке құюға болады.
  Алайда, Сізде су айтарлықтай кермекті болса, онда біз ½ құбырлық және ½ тазартылған (минералсыздандырылған) судың қоспасын пайдалануды, немесе үтікте тек қана жұмсартқыш картриджі бар сүзгі арқылы сүзгіленген құбырлық суды пайдалануды ұсынамыз.
  Сонымен қатар Сіз үтікте сатылымда бар «үтікке арналған су» деп белгілі үтіктеуге арналған сұйықтықтарды пайдалана аласыз.

Назар аударыңыз!

- Суға ешқандай басқа қоспаларды (мысалы, крахмалды, парфюмерлік сұйықтықтарды) қоспаңыз)
- Үтікте жойылмайтын қақтың немесе басқа түзілімдердің артық мөлшерінің пайда болуы өндіруші кепілдігінің әрекет етуіне жатпайды.

2. Құралды қоректендіру көзіне қосыңыз, температура реттегішін (8) ●●●(MAX) қалпына орнатыңыз. Осы сәтте қыздыру индикаторы (6) жанады. Үтік қажетті қыздыру температурасына дейін қызғаннан кейін индикатор сөнеді.
«Бумен жібіту» функциясын қыздырудың жоғарғы температурасы барысында ғана қолдануға болады. Әйтпесе, құралдан ыстық су ағуы мүмкін.

3. Буды жіберуді реттеңіз.
Киім-кешекке судың ақпауы үшін:

- Жібек немесе синтетикалық маталарды үтіктеу барысында буды жіберуді сөндіріңіз.
- Жүн мата үшін ең минималды деңгейді орнатыңыз.
- Қыздыру индикаторы сөнгеннен кейін ғана үтіктеуді бастаңыз.

4. Буды жіберу деңгейі үтік температурасына сәйкес таңдалынуы қажет.

Матаның түрі	**Температура реттегішінің қалыпы**	**Буды жіберу ауыстырғышының қалыпы**
Зығыр	●●●	Макс.
Мақта	●●●	Макс.
Жүн	●●	Мин.
Жібек	●●	Бусыз
Синтетика	●	Бусыз
OFF	Үтік қызбайды.	

Қосымша буды жіберу функциясы («Бу соққысы)

Үтіктеу кезінде буды одан да қатты жіберу үшін:

- «Буды жіберу» батырмасына мезгіл-мезгіл басып тұру;
- Басу арасында бірнеше секунд интервалын сақтау қажет.
- Буды жіберу температура реттегіші •••(MAX) қалпында орнатылған сәтте ғана іске асады.

Назар аударыңыз!

«Бу соққысы» функциясын пайдалану барысында буды жіберу реттігішін (3)  «Бусыз» қалпына орнату қажет.

- Бумен үтікеу барысында ыстық судың аз ғана мөлшері құрал табынының саңылауынан ағуы мүмкін. «Буды жіберу» батырмасын жиі түрде басу әрекеті құрал табанының температурасының төмендеуіне әкеп соғады. «Буды жіберу» (4) батырмасын басуды тоқтатыңыз және құралдың қызуына уақыт беріңіз.

Тік қалпында бумен үтіктеу функциясы

Тік қалпында үтіктеу тік жағдайдағы киім-кешек пен жұқа маталардан тігілген перделерді үтіктеуге арналған.

- Киімді ілгекке іліңіз және бір қолыңызбен матаны сәл ғана тартыңыз.
- Температура реттегішін •••(MAX) қалпына орнатыңыз.
- «Буды жіберу» батырмасын үздік-создық басыңыз және үтіктің матаның бойымен жылжытыңыз.
- Үтікті матадан бірнеше сантиметр қашықтықта ұстаңыз.

Назар аударыңыз!

Тік қалпында үтіктеу функциясын синтетикалық маталар үшін қолданбаған жөн.
Балқуды болдырмау үшін матаға үтіктің табанымен жанасуға тыйым салынады.
Адамның үстіндегі киімді бумен үтіктемеңіз. Бу температурасы тым жоғары.

Киімді ылғалдау (суды шашырату құрылғысы)

- Егер Сіз кез келген температура барысында бумен немесе бусыз үтіктейтін болсаңыз, киімді ылғалдау үшін суды шашырату (7) батырмасына бірнеше рет басыңыз.
- Бұл батырманы қолданудың алдында суға арналған сауыт бос еместігіне көз жеткізіңіз.

Бусыз үтіктеу

- Құралды желіге қосыңыз.
- Температураны реттеңіз.
- Буды жіберу реттегішін  «Бусыз» қалпына орнатыңыз.
- Қыздыру индикаторы сөнгеннен кейін үтіктеуді бастай аласыз.

Тамшының ағуына қарсы жүйе

Үтік төмен температурада үтіктеу барысында судың ағуына жол бермейтін арнайы қорғаныс жүйесімен жабдықталған. Енді Сіз ең жұқа маталарды буды қолдану арқылы үтіктей аласыз. Будың түзілуіне қажетті температураның төмен көрсеткіші барысында жүйе автоматты түрде буды түзу үшін судың жіберілуін шектейді.

Үтіктің керамикалық табаны

Бұл үлгідегі үтік табанының керамикалық жабыны бар, бұл тамаша сырғуды және матаның түріне және үтіктеу температурасына қарамастан, матаны қорғауды қамтамасыз етеді.

Үтіктеуден кейін

- Үтікті желіден ажыратыңыз және сауыттағы суды төгіңіз.
- Үтіктің сууын күтіңіз.
- Суыған үтікті әркез тірек-табанына орналастырып, құрғақ жерде сақтаңыз.

5. ТАЗАРТУ ЖӘНЕ КҮТІМ

Өздігінен тазалау функциясы

Үтіктің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін пайдаланудың әрбір екі-үш циклынан кейін өздігінен тазалауды ұйымдастырыңыз.

Ол үшін:

- Сауытты толтыру саңылауын ашыңыз, •••«MAX» белгісіне дейін су құйыңыз және саңылауды жабыңыз.
- Температура реттегішін •••«MAX» белгісіне орнатыңыз.
- Құралды желіге қосыңыз.
- Қыздыру индикаторы сөнбейінше үтіктің қызуын күтіңіз.
- Үтікті желіден ажыратыңыз.
- Ұстап үтік көлденең күйінде үстінен раковинамен, назарыңды реттеуші бу (3) толығымен оңға басып, ұстап тұрыңыз осы ереже "самоочистка".
- Жұмыс қабатындағы бу саңылауларын толығымен тазарту үшін сулы матаны үтіктеңіз.
- Тазарту жұмыстарын жүргізгеннен кейін температура реттегішін минималды температура көрсеткішіне •, ал буды жіберу деңгейін  «БУСЫЗ» қалпына орнатыңыз.
- Сауытта қалған суды төгіңіз.

Құралдың сыртқы қабатын тазарту

- Тазартудың алдында әркез құралды желіден ажыратыңыз.
- Құралдың корпусын сәл ғана сулы матамен сүртіңіз.
- Үтіктің табаның тазалау үшін сулы матаны қолданыңыз.
- Қатты сулықтарды, абразивті тазарту құралдарын, сірке қышқылы немесе үтіктің табаның тазалауға арналған өзге де химиялық құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

Үтікті сақтау

- Үтікті желіден ажыратыңыз және оның табынының сууын күтіңіз.
- Сауыттағы суды төгіңіз және буды жіберу деңгейінің реттегішін  «Бусыз» қалпына орнатыңыз.
- Үтікті тіреу-табанына қойыңыз. суы- үтікті ара тік жағдайда бас өкшеде-ықта ара құрғақ жерде ылғи сақта-.

Сақтау жөніндегі шарт

Құралдар қоршаған ауа температурасы плюс 40ºС -тан аспайтын және 5ºС-тан кем емес, салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды және электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс

Тасымалдау жөніндегі шарт

Құралдарды тасымалданатын көлік түрінде әрекет ететін, механикаландырылған жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін жүкті тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көлік құралдарының

кез келген түрінде тасымалдайды. Құралдарды тасымалдау барысында бүлінуден сақтау әрекеті қамтамасыз етілуі тиіс – бұйым сапасы мен тұтынушы құралының сыртқы түрін сақтау. Құралдарды тасымалдау барысында оларды тікелей атмосфералық жауынның түсуінен, агрессивті ортадан сақтау қажет.

Өрттің пайда болуын алдын-алу, электр тоғымен зақымданбау, құралды пайдалану барысында жарақаттан сақтанып, оны бүлдірмеу үшін құралды қолдану барысында қауіпсіздіктің негізгі шараларын, сондай-ақ электр құрылғыларымен жұмыс атқару барысында қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды қатаң түрде қадағалаңыз.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Ескертпе: Қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жарату үшін арнайы орынға өткізіңіз. Бұл әрекетіңізбен Сіз қоршаған ортаны қорғауға септігіңізді тигізесіз.

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.

6. ЕГЕР СІЗДЕ ҚАНДАЙ ДА БІР АҚАУ ТУЫНДАСА

Қандай да бір кішкене ғана мәселе туындаса, оның шығу себебін анықтау арқылы оны оңай түрде шешуге болады.

АҚАУДЫҢ ТҮРІ	СЕБЕБІ	ШЕШІМ
Су құралдың табанындағы саңылаудан ағады	• Таңдалынған температура буды өңдеу үшін жеткілікті емес. • Үтік буды пайдалану үшін жеткілікті түрде қызған жоқ. • Будың жіберілуі тым қатты. • Үтік көлденең қалпында сақталды, сауыттан су төгілмеді, басқару тұтқасы «бусыз» қалпына орнатылмады.	• Температура реттегішінің тұтқасын ●●●(max) белгісіне орнатыңыз. • Сигналды шамның жарығы сөнгенше күте тұрыңыз. • Будың жіберілуін азайтыңыз. • «Тазарту және күтім», Үтікті сақтау бөлімін қараңыз.
Құрал табанынан ағатын қоңыр түсті су киім-кешекті бұлғайды.	• Қақтан тазарту үшін химиялық өнімдерді пайдалану салдары. • Матаның талшықтары құрал табанының саңылауларына кіріп кетті және күйді.	• Сауытқа қақтан тазарту үшін ешқандай өнімдерді қоспаңыз. • Өздігінен тазалауды ұйымдастырыңыз. Құралдың табаның металл емес жөкемен тазартыңыз. Мезгіл-мезгіл құрал табанының саңылауларын тазартыңыз.
Кір немесе қоңыр түсті табан киім-кешекті бұлғайды.	• Қолданылатын температура тым жоғары. • Киім жеткілікті түрде сумен шайылмады немесе крахмал қолданылды.	• Құралдың табаның жоғарыда келтірілген жолмен тазартыңыз. Температура реттегішін

		температура кестесіне сәйкес орнатыңыз. • Құралдың табаның жоғарыда келтірілген жолмен тазартыңыз. Крахмалды пайдаланбаңыз.
Будың мөлшері жеткіліксіз немесе ол мүлдем жоқ.	• Суға арналған сауыт бос. • Үтікте қақ пайда болды. • Үтік көп уақыт бойы құрғақ қалпында пайдаланылды.	• Суға арналған сауытты сумен толтырыңыз. Өздігінен тазалауды ұйымдастырыңыз.
Құралдың табаны жырылды немесе бүлінді	• Үтік металл заттың үстінде көлденең қалпында тұрды.	• Үтікті әрқашан тірек-табанына орналастырыңыз.

Өрттің пайда болуын алдын-алу, электр тоғымен зақымданбау, құралды пайдалану барысында жарақаттан сақтанып, оны бүлдірмеу үшін құралды қолдану барысында қауіпсіздіктің негізгі шараларын, сондай-ақ электр құрылғыларымен жұмыс атқару барысында қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды қатаң түрде қадағалаңыз.

Назар аударыңыздар! Жоғарыда сипатталған қадамдарды қолданып, ақаулықтарға қатысты мәселерді шеше алмасаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

7. ҮТІКПЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ БАРЫСЫНДАҒЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Үтіктің ыстық қабаттарына қол тигізбеңіз. Тұтқа мен батырмаларды пайдаланыңыз.
- Утюг кейін паденьенің пайдалану тиіс, бұзылудың немесе тұмшалылықтың бұзушылығының айқын белгілерінде бар;
- Үтікке су құймас бұрын оны желіден ажыратыңыз және буды жіберу реттегішін «БУСЫЗ» қалпына орнатыңыз.
- Барысында сипа- және үзілістерде сипа- арасында үтік төзімді бетте болуға керек;
- Желіге қосылған үтікті қадағалаусыз қалдырмаңыз. Киімді үтіктеп жатқан бөлмеден шығу барысында үтікті желіден ажыратыңыз, бөлмеден аз ғана уақытқа шықсаңыз да, үтікті сөндіру қажет.
- Үтікті жатқан қалпында үтіктеу тақтасында қалдырмаңыз. Егер үтіктеу барысында үзіліс жасасаңыз, әркез құралды тірек-табанына тік қалпында орналастырыңыз.
- Үтікке балаларды жақындатпаңыз, мұны, әсіресе, буды жіберу функциясын пайдалану барысында ескеру қажет. Электрлік үтіктер жұмыс барысында қатты қызады, үтіктің қабатына қол тигізу немесе теріге будың тию әрекеті күйіп қалуға әкеп соғуы мүмкін.
- Үтіктен шығатын ыстық бу өте қауіпті. Буды адамдарға және үй жануарларына бағыттамаңыз.
- Адамның үстіндегі киімді үтіктемеңіз.
- Үтікті жұмыс жасап тұрған плита мен өзге де электр қыздыру құралдарының қасында пайдаланбаңыз.
- Желілік сымның ыстық заттармен немесе құралдың табанына жанасуын болдырмаңыз.
- Үтікті тазарту, сақтау немесе сауытты сумен толтыру барысында құралды электр желісінен ажырату қажет.
- Суға арналған сауытқа сірке қышқылын немесе қақтан тазарту құралдарын құймаңыз.
- Үтіктің табаның өткір металл заттарға жанастырмаңыз, бұл құралдың табанында пайда болуы мүмкін жарылыстан сақтап, оның қызмет ету мерзімін ұзартады.

Назар аударыңыз!

Құралды орамас бұрын оның тік қалпында толығымен сууын күтіңіз.

8. ТҰРМЫСТЫҚ ЭЛЕКТР ТЕХНИКАСЫМЕН ЖҰМЫС БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Құрал тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс. Құралды коммерциялық мақсатта ұзақ уақыт бойы пайдалану құралдың істен шығуына, зақымдалуына немесе адамдардың денсаулығына нұқсан келтіруіне әкеп соғуы мүмкін.
- Құрал нұсқаулыққа сәйкес тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Құралды әрбір қосудың алдында қарап шығыңыз. Құралда немесе желілік сымда ақау байқалса құралды розеткаға қосуға тыйым салынады.
- Пайдалану тиіс аспап кейін паденьенің, бұзылудың айқын белгілерінде бар. Алдым игерушілікпен аспап тексер- білікті маманмен болуға керекке.
- Егер Сіз құралдың жұмыс жасау мүмкіндігіне күмән келтірсеңіз, құралды пайдаланбаңыз.
- Бұл құрал, егер олардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлға үтікті қолдану бойынша нұсқаулар бермесе не бақылау жүргізбесе, физикалық ауытқуы бар, жүйке немесе психикалық қабілеттігі төмен немесе білімі мен тәжірибесі жоқ адамдардың (балалар да қоса) пайдалануына арналмаған. Балалардың құралмен ойнамау мақсатында қадағалау әрекеттерін ұйымдастыру қажет.
- Құралды қадағалаусыз қалдырмаңыз. Құралды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
  Назар аудырыңыз!
  Құралды ванна, шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа да ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды. Егер құрал суға батырылған болса, оны тез арада желіден ажыратыңыз. Суға қолыңызды батыруға тыйым салынады. Құралды қайта пайдаланбас бұрын оны білікті маманға көрсету қажет.
- Құралды бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құралды ыстықтан, тікелей күн сәулесінен, сүйір бұрыштарға соғылуынан, ылғалдан сақтаңыз (құралды суға немесе өзге сұйықтықтарға салмаңыз). Құралды сулы қолмен ұстамаңыз. Құралға су тиген жағдайда оны тез арада желіден ажыратыңыз.
- Құралды ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Қоспас бұрын, құралдың сипаттамасында келтірілген көрсеткіш желіде қолданылатын кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрал тек тұйықталған желіге қосылуы тиіс. Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін тұйықталу қолданыстағы электр техникалық нормаларына сәйкес келуі қажет. Қалыпты емес қоректендіру көздерін немесе іске қосу құрылғыларын пайдалануға тыйым салынады. Ұзартқышты пайдалану барысында оның тұйықталғанына көз жеткізіңіз.
- **Құралды дұрыс түрде қоспау Сізді кепілді қызмет көрсетуден айырады.**
- Құралды пайдаланып болғаннан кейін, оны орнату немесе бөлшектерді шешу барысында, тазарту немесе құрал бүлінген жағдайда оны әркез желіден ажыратыңыз.
- Құралдың бүлінуі мен оқыс жағдайларға әкеп соғуы мүмкін желінің шамадан тыс жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Ол үшін қолданыстағы электрлік розеткаға ұзартқышты пайдалану арқылы өзге де құралдарды қоспаңыз. Ұзартқышты пайдаланудың алдында оның зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Құралды желілік сымнан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, желілік сымнан ұстап желіден ажыратуға тыйым салынады. Құралды желіден ажыратқанда штепсельді ашадан ұстаңыз.
- Электр тоғымен зақымдалмау үшін құралды іске қосу және сөндіру барысында желілік сым ашасының металл бөліктеріне қол тигізбеңіз.
- Пайдаланып болғаннан кейін электр қоректендіру сымын құралды айналдыра орауға болмайды, уақыт өте келе бұл сымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Құралды сақтау барысында әрқашан сымды жақсылап тарқатыңыз.
- Сымды тек білікті мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкері ғана ауыстыра алады. Біліктілігі жоқ тұлға тарапынан жасалған жөндеу қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.

- Техникалық мәселелердің туындамауы мен құралға берілетін кепілді сақтау үшін құралды өздігіңізден жөңдемеңіз және бөлшектемеңіз. Жөндеу жұмыстарын қызмет көрсету орталығының білікті маманы жүзеге асыруы тиіс.
- Құралды жөндеу үшін тек түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз.



Назар аударыңыз! Қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жарату үшін арнайы орынға өткізіңіз. Бұл әрекетіңізбен Сіз қоршаған ортаны қорғауға септігіңізді тигізесіз.



Назар аударыңыздар!
Кез келген ақау орын алған жағдайда уәкілетті сервис орталығына хабарласыңыз

9. ҚҰРАЛДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ

1. Құрал - 1 дана.
2. Су құюға арналған стақан - 1 дана.
3. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық - 1 дана.
4. Кепілдік талоны - 1 дана.

10.ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Кернеуі: 220 – 240 В
Жиілігі: ~50 Гц
Қуаттылығы: 2000-2200 Вт
Ескерту: Өзгертулер мен жақсартуларды енгізудің тұрақты үдерісі салдарынан нұсқаулық мен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы бұған назар аударатынына сенім артады.

11.СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 "Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы", КО ТР 020/2011 "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі", ЕАЭО ТР 037/2016 "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы" талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.
Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі: 3 жыл
Кепілдік мерзімі: сатып алған күннен бастап 2 жыл
Өнімді өндіріп шығарылған мерзімі туралы ақпарат құралдың сыртында көрсетілген.
Тауарды өткізу ережелері белгіленген емес.

Өндіруші:
NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,
No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC
at factory NINGBO HAOJIA ELECTRICAL APPLIANCE CO., LTD
No.58 Jiyixiang Road, Langxia Street, Yuyao City, Ningbo City, Zhejiang Province, China

Импорттаушы:
ООО "ЭйДжиАй Электроникс", Россия, 115419, г. Москва, улица Орджоникидзе, д. 11, строение 3, этаж 4 помещение I комната 13.
Телефон единой справочной службы 8-800-700-11-78
Authorized representative of the manufacturer in EU:
JSC “HTV1”, Švitrigailos g. 11 A, Vilnius, LT-03228
Қытайда өндіріліп шығарылған.

12.КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Электрлік үтік **Моделі:** PIR 2275K

Бұл кепілдік бұйымды сатып алу фактісін растайтын күннен бастап 24 ай бойына әрекетте болады және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымның кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемесі «POLARIS» сауда таңбасымен шығарылатын және уәкілетті сатушылардан сатып алған барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан) таралады.
2. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды қатаң сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Бұл кепілдік тауарды тұтынушыға беруден кейін, келесі жәйттердің нәтижесінде туындаған кемшіліктерге таралмайды, егер де:

- Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, бөгде заттардың, сұйықтықтың, өнімдердің және құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді жәндіктердің бұйымның ішіне түсіп кетуі және олардың өмірлік белсенділігінің өнімдері бұйымның ішінде болса, яғни микроортанизмдердің, жәндіктердің тіршілік әрекеті салдарынан нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
- Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес пайдаланғанда, оны дұрыс пайдаланбағанда, сондай-ақ, бұйымды осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықта берілген техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
- Пайдаланатын судың құрамында минералдық заттардың үлесі жоғары мөлшерде болған әсерінен минералдық түзілімдер мен әк шөгінділерінің, су тастары мен қақ, түзілген тұнбаның әкті түзілімнің салдарынан туындаған бүлінулер мен құрылғының сыртқы не ішкі қандай да бір өзгерістер байқалған жағдайда
- Бұйымды қолдануға арналмаған мақсаттарда пайдаланған жағдайда;
- Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
- Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
- Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
- Тасымалдау кезінде бұйымға қандай да зақым келтірілген болса, оны дұрыс емес пайдалану салдарынан туындаған ақау үшін, сондай-ақ бұйымның құрылымында қарастырылмаған

модификациялау (яғни құрылғының түрін өзгерту, түрлендіру) әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;

4. Өндіруші төмендегі жағдайларда кепілді міндеттемелерді көтермейді, егер бұйымның бетінде техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында берілген техникалық деректері жойылған, жойылып кетірген немесе түзетілген болса өндірушінің осы салдардың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.
5. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

Назар аударыңыз!! Өндіруші тұтынушының (сатып алушының) немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе ұқыпсыз әрекеттерінің және бұйымды орнату/пайдалану шарттары мен ережелерін сақтамау салдарынан адамдарға, үй жануарларға, қоршаған ортаға немесе мүлікке POLARIS бұйымның зақымдалуынан тікелей немесе жанама себеп болатын кез келген ықтимал зиян келтірілгені үшін жауапкершілік көтермейді.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапасын тексеру, кепілдік және кепілдіктен кейінгі жөндеу жұмыстарына қатысты барлық мәселелері бойынша Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына немесе Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға - Уәкілетті POLARIS дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеу жұмыстарын тек Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталықтары жүзеге асырады.

* Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: www.polar.ru

Бұйымға кепілдік жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе заңмен қарастырылған басқа да талаптарды орындау кезінде бұйымды сатып алу күнін растау үшін сатып алу құжаттарыңызды сақтауыңызға өтіне сұраймыз.

Мұндай құжаттары толтырылған POLARIS кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, бұйымды сатып алу күні мен орнын растайтын басқа да құжаттар болуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжатты ұсынбаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым өндіріліп шығарылған күннен бастап есептеледі.

Бұйымның өнделіп шығарылған күні бұйымның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген, ол бұйымның артқы қабырғасында орналасқан.